2025 жылғы қаңтар-наурызда Қазақстан Республикасының тау-кен металлургия саласындағы (ТМК) өндіріс көлемі 3,772 млрд. теңгені құрады, бұл құндық мәнде 2024 жылғы ұқсас кезеңнен 26,8% жоғары. Металлургия өнеркәсібі құрылымында негізгі үлес **түсті металлургияға** тиесілі – 1 886,7 млрд. теңге, **қара металлургиядағы** өндіріс 653,5 млрд. теңгені құрады. Металл кендерін өндіруде негізгі үлесті **түсті кендерді өндіру** алады – 1 053,6 млрд. теңге, қалғаны **темір кендерін өндіруге** тиесілі – 170,8 млрд. теңге.

«Металл кендерін өндіру» НКИ 2025 жылғы қаңтар-наурызда 101,7% құрады. Бұл ретте «**темір кендерін өндіру» НКИ** 105,6% құрады. Өндірістің ұлғаюы темір кенінің (110,1%); хром кенінің (114,4%) өсуімен байланысты.

«Түсті металл кендерін өндіру» НКИ 101,3% құрады. Өндірістің ұлғаюы түсті металдардың негізгі кендерін өндірудің өсуімен байланысты: мыс-мырыш (100,0%).

«Металлургия» НКИ 2025 жылғы қаңтар-наурызда 101,4% құрады.

Түсті металлургиядағы НКИ 98,1% құрады. НКИ төмендеуі өңделмеген тазартылған қорғасын (74,1%), аффинирленген алтын (81,2%), өңделмеген мырыш (91,8%), аффинирленген күміс өндірісінде (80,4%).

Қара металлургиядағы НКИ қайта құйылған шойын (121,8%); ферроқорытпалар (105,2%); тазартылмаған болат (110,6%); қоспасыз болаттан жасалған шыбықтар мен өзектер (107,1%); жалпақ прокат (120,8%); қоспасыз (көміртекті) болаттан жасалған қырлы табақтар (115,5%) өндірісінің ұлғаюы есебінен 106,8% құрады.

2025 жылғы қаңтар-ақпанда **металлургия өнімінің экспорты** 2024 жылғы ұқсас кезеңге қарағанда 14,5% төмендеп, 1 771,0 млн АҚШ долларын құрады, оның ішінде қара металлургия – 653,2 млн АҚШ доллары, түсті – 1 118,2 млн АҚШ доллары. Өткен жылдың көрсеткішіне қатысты қара металлургия экспортының көлемі 23,0% өсті, түсті металлургия экспорты 27,4% төмендеді.

Металлургиялық өнім экспортының құндық құрылымында құны бойынша негізгі көлем мыс (32,6%), ферроқорытпалар (19,6%), жалпақ прокат (11,6%), мырыш (5,1%), глинозем (4,9%), алюминий (4,7%), өнімдеріне тиесілі. Металлургия өнеркәсібі экспортының теріс динамикасы мыс, мырыш, алюминий, титан және одан жасалған бұйымдар және т. б. экспортының құндық көлемдерінің төмендеуіне байланысты.

2025 жылғы қаңтар-ақпанда Қазақстан Республикасының металлургия өнімдерін өткізудің негізгі нарықтары Қытай (34,0%), Ресей (16,5%), Түркия (12,8%) және Өзбекстан (6,5%) болды.

2025 жылғы *қаңтар-ақпанда* **металлургия өнімдері импортының** көлемі 2024 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 23,4%-ға төмендеп, 453,5 млн. АҚШ долларын құрады, оның ішінде қара металлургия – 391,1 млн. АҚШ доллары, түсті – 62,4 млн. АҚШ долларын құрады. Бұл ретте болат дайындамалар (-38,9%), ферроқорытпалар (-18,6%), жалпақ прокат (-13,2%), болат шыбықтар (-3,7%) және т. б. импорттың құндық көлемінің төмендеуі байқалды.

2025 жылғы қаңтар-ақпанда металлургия өнімдері **импортының құндық құрылымында** келесі өнімдер басым: болат шыбықтар (23,0%), жалпақ прокат (17,7%), жіксіз құбырлар (14,1%), болат дайындамалар (7,3%), дәнекерленген құбырлар (7,2%), және т. б.

2025 жылғы *қаңтар-ақпанда* Қазақстан Республикасына металлургия өнімдерінің негізгі жеткізушілері Ресей (68,6%), Қытай (19,7%) және Италия (2,2%) болып табылады.

2025 жылғы қаңтарда Қазақстан Республикасының металлургия өнеркәсібі нарығының көлемі 1,8 млрд. АҚШ долларын құрады, оның 75,6% отандық тауар өндірушілерге, ал 24,4% импорттық өнімдерге тиесілі.

Сала үш өңірде: Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында жоғары аумақтық шоғырлануымен ерекшеленеді. Қазақстан Республикасының металлургия өндірісінің құрылымында 2025 жылғы қаңтар-наурызда Қарағанды облысының үлесі шамамен 22,2%, Шығыс Қазақстан облысының үлесі – 14,7%, Павлодар облысының үлесі – 13,5% құрайды.

QazIndustry

ГОРНО-МЕТАЛЛУРГИЧЕСКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

Январь-март 2025 г.

3 772
МЛРД ТГ.



ИФО


ДОБЫЧА МЕТАЛ. РУД – 101,7%
МЕТАЛЛУРГИЯ – 101,4%

ЭКСПОРТ

$ 1,8 МЛРД




РЫНОК




ИМПОРТ

$ 0,4 МЛРД



Данные по рынку, экспорту и импорту за **январь-февраль 2025** г.

ОБЪЕМ ПРОИЗВОДСТВА В РАЗРЕЗЕ РЕГИОНОВ ЗА ЯНВАРЬ-МАРТ 2025 Г., МЛРД ТЕНГЕ



АО «Казахстанский центр индустрии и экспорта «QazIndustry»
РК, 010000 г. Астана, пр. Кабанбай Батыра, 17, тел: +7 (7172) 79 33 90 www.@qazindustry.gov.kz